

Алматы Экономика және статистика академиясының оқытушылары мен студенттерінің «Ар - намыс кодексі».

Алматы Экономика және статистика академиясының оқытушылары мен студенттері қауымдастығының «Ар- намыс кодексі» оқу барысындағы этикалық нормалар мен ұстанымдарының жиынтығын анықтайтын құжат болып табылады. Бұл Кодекс академияның оқытушылары мен студенттері арасындағы қарым-қатынасты анықтай отырып, «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес әзірленген.

Оқытушылар мен студенттердің ар-намыс кодексі академияның қабылдаған моральдық құндылықтары мен этикалық ережелерінің жиынтығы болып табылады. Аталған «Ар- намыс кодексі» Алматы Экономика және статистика академиясының Ғылыми Кеңесінде бекітілген (№ 2 хаттама 24.09.2018ж.).

Педагогикалық этика педагогикалық мораль мен моральдік құндылықтардың негізгі санаттарының түпкілікті мәнін қарастырады. Адамдардың адамгершілік қасиеттері мен мінез –құлқына, іс қимылына және өмірлік алуан түрлі құбылыстарға т.с.с. өзіндік баға беретін мейірімділік пен зұлымдық, адалдық пен ар-намыс туралы түсініктер жүйесін моральдік құндылықтар деп атауға болады. Педагогикалық қызметте моральдік түсініктердің негізгі түрлерінің бәрі қолданылады, дегенмен, педагогикалық қызмет пен қарым-қатынас тәрізді түсініктер этиканың жеке дара тарауына қатысты педагогикалық түйсінуге тәрізді жекелеген түсініктерді бөле – жара көрсетеді. Осындай санаттың ішінде кәсіби – педагогика - лық *борыш*, педагогикалық *әділдік*, педагогикалық *ар-намыс* және педагогика - лық *бедел* бар.

Ар-намыс кодексінің негізгі мақсаты

Ар-намыс кодексінің мақсаты, академияның ұзақ мерзімді дамуына, тиімді ғылыми-зерттеу және әдістемелік қызметіне жәрдемдесу, академия қызметкерлерінің және студенттерінің өзара сыйластық пен сенім атмосферасын құру болып табылады . Сөз бостандығы, еркіндік пен жауапкершілік академияда қалыптасқан демократиялық ережелер болып табылады.

Осы Кодекстің барлық ережелерін жүзеге асырудың негізгі мақсаты – академияның ынталандыру деңгейінің сапасын жақсартуға беделін арттыруға бағытталған. Академия қауымдастығының корпоративтік мәдениеттің нығайту және дамыту мақсатында миссиясының түсінуді енгізілді Осы Кодекстің ережелерін ұстану барысында әрбір оқытушы мен студенттің, оның имиджін және беделін нығайтуға ықпал етеді.

ААЭС оқытушысы мен студентінің **Ар-намыс** кодексі, қазақстандық қоғамның жалпыға танылған моральдық қағидаттары мен нормаларына негізделген моральдық құндылықтардың, міндеттемелер мен жақсы тәжірибе талаптарының жүйесі болып табылады.

ААЭС ОҚЫТУШЫСЫНЫҢ АР-НАМЫС КОДЕКСІ

Әрбір оқытушы әмбебап мораль принциптерін ұстануға тиісті. Қызмет уақытында және қызметтен тыс уақытта жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларды ұстануға, қоғамға жат мінез-құлық жағдайларына жол бермеуге тиіс. Өзінің іс-әрекеттерімен қоғам тарапынан негізді сынға себепкер болмауға, сынағаны үшін қудалауға жол бермеуге және орынды сынды кемшіліктерді жою мен өзінің қызметін жақсарту үшін пайдалануға; Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздеріне құрметпен қараудың үлгісіболуға;

Оқытушы мемлекеттік және еңбек тәртібін бұлжытпай сақтауға, берілген өкілеттіктерді тиімді иеленуге; өзінің қызметтік міндеттерін адал, турашыл және сапалы атқаруға; жұмыс уақытын ұтымды пайдалануға;

Оқытушы стандарттар мен оқу бағдарламасы талаптарын қатаң ұстанады, бекітілген оқу-тәрбие процесіне рұқсатсыз өзгерістер жасамайды және білім беру ұйымдарында пайдалануға рұқсат етілген оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендерінің, оқу құралдарының және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштердегі тізбесін қалыптастырады

Оқытушы үнемі өзінің кәсіби деңгейін көтереді, жаңа инновациялық технологияларға сәйкес ғылыми-зерттеу жобаларын жүзеге асырады және білім алушыларға нақты мамандық бойынша кәсіптік біліктіліктің жоғары деңгейін беруді көздейді.

ААЭС оқытушысы Қазақстан Республикасының білім туралы заңнамасының және білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарының сақтауға міндетті

Оқытушы ұжымда іскерлік өзара қарым-қатынасты және сындарлы ынтымақтастықты орнату мен нығайтуға ықпал жасауға және қызметтік міндеттерін тиімді атқару үшін өзінің кәсіби деңгейі мен біліктілігін арттыруға тиісті;

ААЭС оқытушысы қатысты негізсіз айыптауларға, дөрекілік, адамдық қадір-қасиетін кемсіту, жөнсіздік, орынсыз мінез-құлық фактілеріне жол бермеуге тиісті;

Оқытушы еңбек шартының талаптарына сәйкес заңнама нормаларын басшылыққа ала отырып, академияда қабылданған ережелер мен этикалық стандартты басшылыққа алады

Педагог қызметкерлердің білім беру процесін саяси үгіттеу, діни насихат жүргізу мақсатында немесе білім алушыларды Қазақстан Республикасының Конституциясына және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келетін әрекеттерге итермелеу пиғылымен пайдалануына тыйым салынады. Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген шектеулер мен тыйымдарды сақтауға міндетті.

Оқытушы адамдардың (студенттердің) құқықтары мен бостандықтарын бұзбауға, конституциялық құрылыс пен қоғамдық имандылыққа нұқсан келтірмеуге тиіс.

Студенттердің патриоттық және азаматтық тұрғыда қалыптасуы үшін жағдай жасауды қамтамасыз ету және жастардың бойында ұлттық мәдениет пен тілді дамыту үшін жағдай жасауды қамтамасыз етуге міндетті

Оқытушы адал, әділ, қарапайым болуға, жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларды сақтауға, азаматтармен (студенттермен) және әріптестерімен қарым-қатынаста сыпайылық пен әдептілік танытуға;

Ар-намыс кодекстің және басқа да құқықтық – нормативтік құжаттардың талаптарын бұзғаны үшін кез келген қызметкерді академиядан жұмыстан босату мен қатар тәртіптік және әкімшілік жазалар (ескертулер , сөгіс , қатаң сөгіс) көзделген .

ААЭС СТУДЕНТІНІҢ АР-НАМЫС КОДЕКСІ.

- Әркімнің құқық субъектісі ретінде танылуына құқығы бар және өзінің құқықтары мен бостандықтарын, қажетті қорғанысты қоса алғанда, заңға қайшы келмейтін барлық тәсілдермен қорғауға хақылы;
- Әркімнің ана тілі мен төл мәдениетін пайдалануға, қарым-қатынас, тәрбие, оқу және шығармашылық тілін еркін таңдап алуға құқығы бар
- Әркім Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті.
- білім берудің мемлекеттік жалпы стандарттарына сәйкес келетін сапалы білімалуға құқылы;
- Оқытушылардың сабақ өту сапасы мен тәсілдері туралы өз пікірлерін академия басшылығына айтуға құқылы

Жоғары кәсіби білім алу үшін осы оқу орнын таңдағаннан кейін, оқу орнын құрметтей отырып, біз оқу орнымыздың ережесін қатаң сақтауға міндеттенеміз

Алматы Экономика және статистика академиясының студенті Жоғары кәсіби білім алу үшін осы оқу орнын таңдағаннан кейін, оқу орнында

өткізілетін барлық мәдени т.б. іс-шараларға белсенді қатысуға тиісті, яғни корпоративтік принциптерін нығайтуға және дамытуға өзінің белсенді үлесін қосуға міндетті. Осы Кодексте сілтеме жасалынған Қазақстан Республикасының барлық Заңдарын және Заңнамалық актілерін білуге тиісті.

ААЭС студенті өз бойында шығармашылықтың ең жақсы қасиеттерін дамытуға (ғылыми, спорттық, көркемөнер т.с.с.), таңдаған мамандығы бойынша бәсеке қабілетті, жоғарғы деңгейлі маман болуға, Қазақстан Республикасының лайықты азаматы болуға ұмтылады.

ААЭС студенті білім стандарттарын адал сақтауға, оқытуң және білімді бақылаудың барлық түрлерінің талаптарын сақтауға міндетті.

– ААЭС студенті академиялық әділетсіздіктің барлық нысандарына қарсы күрес ұстанады :

- онлайн ресурстарынан алынған дайын еңбектерді (рефераттарды, бақылау жұмыстарын, дипломдық және басқа да жұмыстарды), өздерінің еңбек нәтижелері ретінде көрсетуге тиым салынады ;
- сабаққа кешігіп келмеуге, себепсіз сабақтан қалмауға міндетті;
- сапалы білім алуға, кәсіби қызметке қажетті іскерлікті, дағдыны, сапаны бойымызға сіңіруге тиісті;
- жеке оқу жоспарына сәйкес оқу пәндерін игеруге тиісті;
- оқу пәндері бойынша студенттердің өзіндік жұмыстарын (СӨЖ) талап бойынша берілген уақытында орындауға тиісті;
- ағымдық, аралық және қорытынды бақылаулардың барлық түрлерінен кредиттік технология бойынша берілген уақыт мерзімінде өтуге тиісті;
- оқу - әдістемелік әдебиеттер мен академияның материалдық құндылықтарына жанашырлықпен қарауға; тиісті;
- сабақ барысында ұялы телефонды пайдалануға, компьютер ойындарын ойнауға және әуен тыңдауға тыйм салынады;
- Үқтималды сыбайлас жемқорлық қызметі болған жағдайда міндетті түрде академиядағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес комиссиясының» мүшелеріне хабар беру;

- Студенттік - үлгісі тұтастығын, мәдениет және мораль , азғындық төзімсіздік көріністері және жынысына, этникалық немесе діни белгілері бойынша кемсітуге жол бермейді;
- Студент – образец порядочности, культуры и морали, нетерпим к проявлениям безнравственности и не допускает проявлений дискриминации по половому, национальному или религиозному признаку;
- Жоғары сапалы және бәсекеге қабілетті білім алу үшін академиялық әділетсіздіктің барлық түрлері сыйыспайтынын біледі;

**Қазақ Ар-намыс кодексінің негізгі мақсаты іске асыратын
нормативтік құжаттар тізімі**

Қазақстан Республикасының Конституциясы — Қазақстан Республикасының Ата Заңы. Ағымдағы Конституция 1995 жылы 30 тамыз күні жалпыхалықтық Референдум негізінде қабылданды

Қазақстан Республикасындағы Мемлекеттік жастар саясаты туралы Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 9 ақпанындағы № 285-V Заңы

Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің ар-намыс кодексі туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 3 мамырдағы N 1567 Жарлығы

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдесіндегі № 319 Заңы

«САНАЛЫ ҰРПАҚ» жобасының 2018-2020 жылдарға арналған жарғысы. Алматы, 2018ж.

Концепция Научно-образовательного кластера по формированию антикоррупционного сознания и антикоррупционной культуры казахстанского общества. Алматы, 2018г.